

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕФТИКАЛЫҚ
АКАДЕМИЯСЫ

Әлеуметтік –гуманитарлық пәндер кафедрасы

Презентация

Тақырыбы: Мұсылмандық дәстүр

Орындаған: Жолдас Н

Тобы: 202 Б МПД

Қабылдаған: Мырзалиева Э

Шымкент 2016 ж



Жоспары

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

2.1. Мұсылмандық дәстүр

2.2. Ислам дінінің бес парызы

2.3. Мұсылмандар мәдениетіндегі өмір айналымындағы ғұрыптар

III. Қорытынды


IV. Пайдаланған әдебиеттер

Ислам дінінің қазақ даласына, сонау 751 жылғы Талас өзені бойындағы Атлах шайқасының жеңіспен аяқталуынан кейін, кең де терең тарала бастағанын еске сала отырып, жинақ құрастырушысы осынау он екі ғасырдан астам уақыт барысында қазақ халқының діні әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, тарихи санасы мен мінез ерекшеліктерінің, яғни ұлттық табиғатының Шариғат шарттарымен біте қайнасып, бірге өріліп кеткенін өмір-тұрмысымыздағы нақты мысалдармен ұтымды дәлелдей білген. Өткенімізге тарихи шолу жасай отырып, «Ислам дінінің келуімен ата-бабаларымыз азаттыққа, дербестікке қол жеткізді, дамудың жоғары сатысына көтерілді» дейді құрастырушы.

Жоңғарлармен арадағы 300 жылдық аумалы-төкпелі заманалардан да, Кеңес өкіметінің атеистік идеологиясынан да халқымызды аман алып шыққан осы шариғи дініміз екені орынды атап өтілген. Қазір де ортамызға от ала келген ағымдар мен пікірлік-діндік басқыншылыққа қарсы тек сол дәстүрлі мұсылманшылығымыз арқылы ғана қарсы тұра аламыз.

МҰСЫЛМАНДЫҚ ДӘСТҮР

Мәңгілік бақытқа жетелейтін Ислам дінін мансұқтау да немесе керісінше, ұлтымыздың озық дәстүрлерін теріске шығару да адасушылыққа апаратын, шектен шығушылық екенін ескерген жөн. Мұсылман халықтарындағы дәстүрлерді елеп-екшейтін бастысы Шариғат болып саналады. Фикһ ғұламаларының дәлелдеуінше, әдет-ғұрыптың шариғатта қабыл алынуының нақты мынандай шарттары бар екен. Біріншіден, ол әдет-ғұрыптар Құран Кәрім мен Сүннетке және мұсылман ғұламаларының ортақ ұйғарымдарына кереғар келмеуі тиіс. Екіншіден, ондай озық әдет-ғұрыптар сол үкім шығарылған уақытта халық арасында кең қолданыста болуы шарт.



Қазақтың мәдениет туралы дәстүрлік түсініктерінде көне негіздермен қоса мұсылмандық қағидалар қатарлана келеді. Дәстүрлі дүниетанымда қиял-ғажайып кейіпкерлерді, алғашқы тотемдік бейнелерді ислам өркениетіне жалпы тән Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Жеті кәміл пірлер, Арыстанбаб, Қыдыр, мұсылмандырылған Түкті Баба Шашты Азиз тәрізді қуатты әулиелер ауыстырған. Бұл мәселені А. Байтұрсынов өзінің *«Қобыланды жырындағы әйел бейнесі»* атты мақаласында жақсы көрсеткен. Қалмақтармен күрескен қазақтардың салт-дәстүрлері әлі де ескі сенім-нанымдардан исламға өту дәуірін бейнелейді.

Мысалы, Қобыландының әйелі Құртқа бойына мұсылмандық әдет-ғұрып жүйесін жинақтаса, оның шешесі Көктен кемпір мифологиялық жан. Исламдық өркениеттің қазақ еліне тигізген әсерінің күшеюі нәтижесінде уақыттың хиджралық өлшемі де (Мұхаммедтің Меккеден Мәдинеге қоныс аударуынан, 622 ж.) қазақтың дәстүрлік мәдениетінде кең қолданыла бастады. Бұл есептеу жүйесі, әсіресе, еуразиялық Далада қалыптасқан жазба шежірелерде жиі қолданылған. Жалпы алғанда, шежірешілдік қазақтың және оның ата-тектерінің мәдениетінің маңызды көрінісі. Эпостық уақыт дәстүрлік уақыттың, маңызды болса да, бір бөлігі ғана. Шежірелер көшпелілердің бәрі сауатсыз еді деген штамптың жалғандығын дәлелдейді. Шежірелер бір жағынан алғанда Ислам Ренессансымен тұтасып жатса, келесі қырымен ол далалық ауызша тарихнаманың (ДАТ) арнасымен қатысты. Оның ықпалымен Кіндік Азияда тарихи-шежірелік мектеп қалыптасты. Концептуалды уақыт болашақ туралы әртүрлі болжамдар жасауды өзіндік мақсат деп есептейді. Уақыттың сәттік тар шеңберінен шығып, болашаққа қарай ой жүгіртіп, оны сараптау қазақтың дәстүрлі төл мәдениетінде де кең орын алған талпыныс. Бұл туралы С. Қасқабасов былай деп жазады: *«...халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәурен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», не болмаса елді қиыншылықтан құтқаратын бір қайраткер туралы утопиялы әңгіме, аңыз шығарады*

ИСЛАМ ДІНІНІҢ БЕС ПАРЫЗЫ

Аркан әл-Ислам (أركان الإسلام) немесе (араб.: أركان الدين) **Аркан ад-дин**; қаз. 'Дін негіздері') - Ислам дінінің негіздері, олар бесеу, Қазақ тілінде **Бес парыз** деген атаумен аталады. Әрбір адамның мұсылман болуы үшін орындалуы парыз шарттары, олар:


Шаһада (араб.: شهادة) — Алланың барлығына, бірлігіне, хазірет Мұхаммедтің Алланың құлы әрі соңғы пайғамбары екендігіне сену («Әшһаду ән-ла-иллаһа иллалаһ уа ашһаду әннә Мұхаммәдән Ғабдуһу уә расулуһ»).

Намаз (араб.: صلاة; парсыша: نماز) - Ислам дінінің, яғни Аллаға сыйынудың негізгі діңгегі – күнде бес уақыт намаз оқу.


Ораза (араб.: صوم «ас-саум» *өз нәпсісін тыю, жаманнан алыстау*) – Рамазан айында бір ай ораза ұстау.

Зекет (араб.: زكاة – тазарту) – Дінге, Аллаға сыйынудың тағы бір талабы - ауқатты деп саналатын пенделердің жылына бір рет зекет беруі.

Қажылық (араб.: حج) - Дені сау және адал жолмен тапқан қаржысы, малы жеткілікті болса, өмірінде бір рет Мекке-Мәдинаға барып қажылық ғибадат жасау.



Қағба-Ислам дінінің қасиетті мекендерінің бірі. Қағба-мұсылман әлемінің орталығы. Ораза-арнайы ниет ете отырып, таңның атысынан кештің батуына дейінгі уақыт аралығында тамақ ішуден бас тарту және басқада шарифатқа қарсы артық істер жасамау дегенді білдіреді. «Зекет» сөзі-араб тілінде көбею, өсу, тазалық деген мағыналарды білдіреді. Ол мұсылмандардағы тек дәулетті, бай кісілерден талап етілетін салықтың түріне жатады. Қажылық- қасиетті жерге зиярат ету дегенді білдіреді. Мұсылмандар қажылық айлары деп аталатын арнайы уақытта Мекке қаласына сапар шегеді.




Мұсылмандар мәдениетіндегі өмір айналымындағы ғұрыптар

Әл-Фараби өзінің трактаттарын сол замандағы рухани-ғылыми құрал саналған араб тілінде жазғанымен, өз отанының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінен әрқашан нәр алып отырған. Әл-Фарабидің ұлылығы оның өз отанының мәдени көңіл-қалпына ирандық, үнділік және антикалық мәдениеттерді ұштастыра білуі. Әл-Фарабидің мұсылмандық мәдениет туралы пікірлері негізінен араб мәдениетінің мына 4 тармағына байланысты:

1. Хақиқат (бір Алланың ақиқаттығын дәлелдеу).
2. Шарифат (мұсылмандық тұрмыс-салт заңдары).
3. Тарихат (Аллаға қызмет өткен әулиелер өмірі).
4. Маарифат (білімділік, парасаттылық идеялары).

Қожа Ахмет Иассауи

Қожа Ахмет Иассауи жазған негізгі шығарма — «*Диуани хикмет*» («Ақыл кітабы»), Қожа Ахметтің өмірде жасаған бір ерлігі оның 63 жасқа келгеннен кейін, «пайғамбар жасына жеттім, одан әрі өмір сүру, жарық дүниені көру күнә» деп бар байлығын мүсәпірлерге таратып, өз еркімен жер астындағы үңгірде тіршілік етуімен байланысты. Оның пәк өміріне риза болған атақты Ақсақ Темір ғажайып Қожа Ахмет Иассауи ғимаратын салдырды. Иассауи туралы Ыбырай Алтынсаринның берген бағасын келтірейік: «Муштафид Ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мәлік, имам Шафиғ, имам Ахмед Ханбал Яссауи. Бұл төртеуі шарифат мәнісін толық тексеріп, мұсылмандық дәстүрді халыққа түсіндіріп берді».



Олардың ілімі бойынша, мәдениеттілік дегеніміз жан-жақты жетілген, толыққанды адамды үлгі-өнеге етіп қабылдау. Мәдениеттіліктің ең алды Алланы еске алумен оның құдіретінің шексіз екендігіне күмансыз қарауынан басталады. Алла бізді сынақ үшін жіберген. Ол айтады:

Ей, Адам баласы, сендерді бір адамнан жаратып, оған оның өзінен жұбайын жаратқан, және олардан көптеген ер адамдар мен әйел адамдарды таратқан Аллаһтан қорқыңдар! Оның атымен бір-біріңнен сұрайтын Аллаһтан қорқыңдар және туыстық қарым-қатынасты бұзудан қорқыңдар. Шын мәнінде Аллаһ сендерді бақылаушы

Қорытынды

Өткенімізге тарихи шолу жасай отырып, «Ислам дінінің келуімен ата-бабаларымыз азаттыққа, дербестікке қол жеткізді, дамудың жоғары сатысына көтерілді» дейді құрастырушы. Жоңғарлармен арадағы 300 жылдық аумалы-төкпелі заманалардан да, Кеңес өкіметінің атеистік идеологиясынан да халқымызды аман алып шыққан осы шариғи дініміз екені орынды атап өтілген. Қазір де ортамызға от ала келген ағымдар мен пікірлік-діндік басқыншылыққа қарсы тек сол дәстүрлі мұсылманшылығымыз арқылы ғана қарсы тұра аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

Рахми Балабан, Илим-Ахлак-Иман, Анкара

1. Али Осман Татлысу, Есмаул-хусна, Истанбул 1990.
2. Ислам және өркениет, №8, тамыз, 2002 жыл.
3. Сайд Рамазан әл-Бути, Яратжынын варлыы яратанын гөреви Ислам акаиди, Истанбул 1986.
4. Ибраһим Жанан, Хадис ансиклопедиси, Кутуби ситте, Истанбул 1998, 2, 14, 17 том.
5. Али ибн Мухаммед Мауарди, Әл-Ахкамус-султания уәл- уәләятуд-диния, Мысыр 1380/1960
6. Шерафеддин Гөлжүк, Ислам акайди, Истанбул-1997.
7. Сайид Сабик, Әл-Ақайдуд-Исламия, Бәйрут
8. Мухтасар илмихал, Фазилет баспасы, Истанбул.
9. Эт-Тафтазани, Шәрхул макасид, 2 том, Истанбул 1277.
10. М. Абдулфеттах Шахин, Инанжын гөлгесинде, Измир-1992, 1 -2 том.